

Қазалы ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 85 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 сәуірде № 5496 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1)-тармақшасына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазалы ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімі аппаратының басшысы А.Қаржаубаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 20.12.2016 № 301 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

АУДАН ӘКІМІ

Н. ШАМУРАТОВ

Қазалы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы " 18 " сәуірдегі
№ 85 қаулысына 1-қосымша

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны
1	Қазалы ауданы	1693

Қазалы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы " 18 " сәуірдегі
№ 85 қаулысына 2-қосымша

2016 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

№	Аудан атауы	Бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығын (теңге)	
		Балабақшалар үшін	Шағын орталықтар үшін
1	Қазалы ауданы	26978,6 теңгеден кем емес	19 236 теңгеден кем емес

Қазалы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы " 18 " сәуірдегі
№ 85 қаулысына 3-қосымша

2016 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының бір айдағы мөлшері	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының бір айдағы мөлшері
1	Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК